



Автор: Танжарбай Нургул Жолдыбаевна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Компьютерлік ойындарды жасау

Тақырып: Сахна мен кейіпкерлерді бейнелеу

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.3.2.1 - есептің шешімін кезеңмен талдау
Сабақтың мақсаты:	- сөздік алгоритм құрастырады - блок-сызбаны белгілеу үшін негізгі пішіндерді атайды - блок-сызба түрінде сөздік алгоритмді көрсетеді
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: • Кейіпкерлер іс-қимылдарын атай алады; • Тапсырма шешімінің негізгі кезеңдерін тағайындауын түсіндіре алады; • Сызықтық, тармақталған және циклдік алгоритмдердің блок-сызбаларды сипаттай алады; • Ойын сценарийін сипаттай алады. Пайдалы сөйлемдер: • Ойынның идеясы ... осыда бекітіледі • Менің ойынымның кейіпкерлері бұл ... • Кейіпкерлердің негізгі іс-қимылдары ... болып табылады • Жоба сценарийін құру үшін алгоритмнің келесі түрлері қолданылды ...
Бағалау критерийлері:	- блок-сызба түрінде алгоритмді көрсетеді - тапсырма шешіміне блок-сызба құрастырады
Құндылықтарды дарыту:	Жұппен және топпен жұмыс істеу арқылы оқушыларды ынтымақтастыққа шақыру
АКТ-ны қолдану дағдылары:	АКТ- ны кеңінен қолдану
Пәнаралық байланыс:	Өнер
Бастапқы білім:	Алгоритм түсінігі, тапсырма шешу кезеңдері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Шаттық шеңбер ұйымдастыру. «Алгоритмдер және блок-сызба» тақырыбына оқушылардың білімін тексеру. «Қар кесегі» ойыны арқылы: 1. Кейіпкер, оған не істеу керек екенін қайдан біледі? 2. Алгоритм дегеніміз не? 3. Кейіпкерлердің іс-қимылын сипаттау үшін алгоритм қажет пе? 4. Алгоритм дегеніміз не, алгоритмнің қандай түрлері сізге таныс. 5. Алгоритмнің қандай түрлері сізге таныс? 6. Қандай алгоритм циклдік деп аталады? 7. Сөздік алгоритмге блок-сызбаны қалай құруға болады? Оқушыларға арналған тапсырма «Максимальды үлкен санды табыңыз» Келесі сөздік алгоритмге блок-сызбаны құрастырыңыз: «Сізді максималды санды табуға арналған бағдарлама қарсы алады» экранға шығару «Алғашқы санды енгізіңіз» экранға шығару А санын енгізу «Екінші санды енгізіңіз» экранға шығару В санын енгізу егер сан $A > B$ онда «А саны максимальды» экранға шығару әйтпесе «В саны максимальды» экранға шығару * Дифференциация үшін, тапсырманы жылдам орындаған оқушыларға үш сан арасында үлкен санды іздеу үшін блок-сызбаны құру тапсырмасын ұсыныңыз. Білімді өзекті қылу. «Сценарий» сөзжұмбақты шешу. Сұрақты талқылау – Ойындарға сценарийді кім құрады? Скрэтч-те құрылған ойындар мысалдары. «Санды тап» ойыны. Оқушылар «Санды тап» ойынын ойнайды. Мыс. Егер онлайн-ойынды ұйымдастыру мүмкін болмаса, сыныппен бірге ойнаңыз. " Санды тап " ойын ережелері. Ойнайтындардың арасындағы бір оқушы 1 ден 100 ге дейін арасында санды ойлап, санды дәптерге жазады, ал қалғандары санды 10 түрлі сұрақтар арқылы табады: ойланған сан белгілі бір саннан үлкен екені рас па.	
Сабақтың ортасы	2. Жеке жұмыс. Оқушылар «Жұлдызды сан» ойынына сөздік алгоритм құрастырып, дәптерлеріне жазады. Ойынға құрастырылған сөздік алгоритм үшін блок-сызбаны құрайды. Оқушылар жұмысын өзара бағалау. 3. Практикалық жұмыс. Өткен сабақта құрастырған кейіпкер/кейіпкерлерге арналған сөздік алгоритм үшін оқушыларға блок сызба құрастыру қажет. Оқушылардың жұмысын бағалау үшін сұрақтар қойыңыз: 1. Ойында қанша кейіпкер болады? 2. Олардың негізгі іс-қимылдары қандай? 3. Блок-сызбаның қандай фигурасы алгоритмнің басы, аяғына сәйкес? 4. Кейіпкермен орындалатын шарт қалай белгіленген? 5. Болашақ бағдарламада цикл бар ма? 6. Циклдік құрылым алгоритмдерін қай фигуралардың көмегімен көрсетуге болады?	
Сабақтың соңы	«Бағдаршам» ойыны. Сабақта не орындалғанын еске алуды оқушыларға ұсыныңыз. Жауаптар мысалы: 1. Ойын идеясы 2. Алгоритм және оны көрсету әдістері 3. Блок-сызба Рефлексия «Бағдаршам» Мен өз ойынымның алгоритміне блок-сызба құрастырдым Жалпы блок-сызба құрастырылды, бірақ сұрақтар бар Блок-сызбаны құрастыра алмадым, өйткені тақырыпты анықтаған жоқпын	
Рефлексия	Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты/оқыту мақсаты шынайы болды ма? Барлық оқушылар оқыту мақсатына жетті ме? Егер жоқ болса, неге? Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақытша кезеңдері көтерілді ме? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды және неге?	